

 **ИҚБЫН** 

## «Ұлы дала рухы» асқақтады



**Әсем Алатаудың аясында екі күн бойы көшпелі өмір салтын түрлентіп, дәстүрлі ән-жырды қалықтатқан «Ұлы дала рухы» атты I халықаралық этникалық мәдениет фестивалі дүркіреп өтті.**

Талғар ауданындағы «Алатау» ауылдық округіне қарасты «Іле Алатауы» ұлттық паркіндегі «Ақбұлақ» шаңғы курортында өткен фестиваль халықтың отаншылдық сезімі мен ұлттық рухын күшейтуге, елдік тұтастықты нығайтуға үлкен септігін тигізді.

Жалпы, фестивальдің ортағасырлық Талхир қаласының маңында өтуі тегін емес. Бұл қала арқылы Жібек жолының бір тармағы өткен. Яғни, Талхир – мың жыл болған Алматымен жасты қала. Қазіргі аты – Талғар. Ұлан-асыр той «Ұлы дала рухы» фестивалі қонақтарының шеруімен басталды. Көк ту көтерген қазақстандықтар бастап, одан кейін венгрлер, Словакия садақшылары, ресейліктер мен Эквадордан келген екі үндіс, т.б. жүріп өтті. Сақ, Қаңлы, Үйсін, Ғұн, Скиф, Сармат, Массaget секілді көшпенділердің түрлі киім үлгілерін үстеріне ілген шеруші топ, атқа мініп, қалы кілем жапқан түйе жетелеген ұлы көш көрермендерге керемет әсер сыйлады. Бұл жерден қаншама аттың түр-түсін, ер-тоқымның қаншама түрлерін көруге болады. Фестивальдің ең қызықты сәттерінің бірі киноөндірісінде өзіндік орны бар Nomad Stunts каскадерлер тобының өнері болды. Топ 2000 жылы құрылған. Атпен акробатика көрсететін топта қазір 44 кәсіби каскадер және 30 үйретілген ат бар екен. Nomad Stunts каскадерлері Оскар жүлдесін

иемденген бірнеше кинофильмге түсіп, әлемге танылған. Nomad Stunts каскадерлері сегіз түрлі өнер көрсетті. Соның ішінде ең негізгісі – ат үстінде жасалатын трюктер. Жұрт аударыспақ пен қазақ батырларының қылыш, найзамен шыққан жекпе-жегін, қыз қууды, теңге ілуді, жамбы атуды, найза қадауды қызыға тамашалады. Мажарлық шабандоздар да дәстүрлі әскери өнерлерін көрсетті. Олар атпен шауып келе жатып, асқабақтарды кесті, садақ атты, қылышпен жерден қызыл дөңгелектерді іліп әкетіп жұртты тамсантады. Фестиваль аумағында орналасқан «Мергендер», «Тайбурыл», «Қыран», «Ақсүйек», «Батыр», «Керуенсарай», «Шабыт», «Алмалы» секілді бірнеше ауылдардың әрқайсысы көшпенділер мәдениетінің белгілі бір бөлігіне арналыпты. Бір ауылда қолөнершілер отырса, енді бірінде – садақшылар, құсбегілер, басқа ауылдарда – батырлар, аңшылар, ұсталар, аспаздар, т.б. жайғасқан. Олардың бәрі шеберлік сыныптарын өткізіп, бірінде бауырсақ пен шелпекті қалай пісіруді, бірінде киіз үйдің сүйегін қалай құрастыруды, тағы бірінде қыз балаларға шашты қалай қырық өрім етіп өруді үйретті. Бір жерде балуандар күресі, тағы бір жерде тоғызқұмалақшылар сайысы қызу жүрді. Бұған бүркітшілер мен тазы жетектеген аңшылардың өнерін қосыңыз. Белгілі қолөнерші Есенәлі Асқаровтың қолынан шыққан дойыр қамшылар мен күмістелген ер-тоқымдар, таза күмістен жасалып, асыл тастар орнатылған сақина, білезіктер көздің жауын алады. Таутекенің мүйізінен сабы бар, асыл тастармен өрнектеліп, сиырдың қайысынан өрілген дойыр қамшының құны 350 мың теңге тұрады. Ал таза қайыстан қазақша өрнекпен тігілген аяқкиімдер отандық өнімнің өрісін кеңейтері анық. Айта кетелік, фестивальге Венгрия, Ресей, Словакия, Украина, Корея, Қытай, Эквадор, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Башқұртстан, Дағыстандағы ноғай елдерінің өкілдері қатысты. Фестиваль аясында түбі бір түркітілдес елдерден келген ғалымдар мен жыршылар шеберлік сыныптарын өткізіп, түркітілдес халықтардың дәстүріндегі эпикалық жыраулық өнердің мән-маңызын талқылап, гала-концерт қойды. Осылайша, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығына арналып тұңғыш рет өткізілген фестивальдің қос күні қонақтарға көшпенділердің тұрмыс-салттарын барынша жарқырата көрсетуімен ұмытылмастай әсер қалдырғаны анық.





© Айтжан Мурзанов



© Айтжан Мурзанов